



Автор: Абиляжанов Нуржан Галиевич

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Компьютер және қауіпсіздік

Тақырып: Компьютерде зиян келтірмей қалай жұмыс істеуге болады

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.4.1.1 - қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтамаудың салдары туралы талдау
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Компьютердің қауіпсіздігі туралы біледі. Оқушылардың басым бөлігі: Тақырыпты түсініп, тыңдап, жетекші сұрақтар арқылы талқылайды, кабинеттегі ережелер мен талаптарды түсінеді. Кейбір оқушылар: Қауіпсіздік техникасы ережелерін бұзу салдарын талдай алады
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар: Қауіпсіздік ережесімен таныстыра отырып, компьютер сыныбында өзін-өзі алып жүру ережесі туралы түсініктерін қалыптастырады. Пәнге тән лексика мен терминология: Техника, қауіпсіздік, ереже, медицина Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: Қауіпсіздік ережесі не үшін сақталады? Егер оқыс жағдайда қандай көмек бересіздер? Информатика пәнінің маңыздылығы қаншалықты? Компьютерден жағымсыз иіс шыққан жағдайда не істейсіздер?
Күтілетін нәтиже:	Компьютердің қауіпсіздігі туралы біледі.
Бағалау критерийлері:	Компьютердің қауіпсіздігі туралы біледі. Кабинеттегі ережелер мен талаптарды түсінеді. Компьютермен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелерін қолдана біледі. Қауіпсіздік техникасының ережелерін бұзудың себеп-салдарын анықтайды. Төтенше жағдай кезінде алғашқы жәрдем көрсету әрекеттерін жасай алады.
Құндылықтарды дарыту:	«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының 4 құндылығы. Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсу Білім - барлық уақытта жоғары құндылықтардың бірі болған. Тек білімді, сауатты адам ғана келешек тізгінін қолына ала алады. Осыны ескере отырып Елбасы Н. Назарбаев өз Жолдауында Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесін әрі қарай дамыту, жетілдіру жоспарын құрып, көптеген мақсаттарда көздеп отыр. Ал оқушыларымыз Омар Хайам айтқандай: Сен жанбасаң лапылдап, Мен жанбасам лапылдап, Аспан қайдан ашылмақ дегендей, - оқушыларымыз да заман ағымынан қалыспай, ұлттық құндылықтарды сақтап, білімді, белсенді болуымыз керек. Бүгінгі ұрпақ білімді болса, ел ертеңі жарқын болмақ, сонда ғана біз "Мәңгілік ел" боламыз. Құндылықтарға баулу арқылы техника қауіпсіздік ережесін білуде сын тұрғысынан ойлау, жауапкершілік арқылы жүзеге асырылады
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интербелсенді тақта. Оқулық, Үлестірме қағаздар, стикерлер
Пәнаралық байланыс:	математика, физика, ағылшын тілі, өмір қауіпсіздігі негіздері
Бастапқы білім:	Ақпарат туралы түсінік. Информатика нені оқытады?

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (10 минут)	- Ұйымдастыру - белсенді әрекетке жұмылдырылады; - ойлау жұмысына ынталандырылады Фигуралар арқылы 2 топқа бөлу. Миға шабуыл Қалай ойлайсыңдар, компьютер алдында неге көп отыруға болмайды? Көзді шаршатпаудың жолдары қандай?	Үлестірме суреттер бөлігі оқулық, жұмыс дәптері

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	Оқушы білгендерін тыңдай отырып, жаңа сабақ тақырыбымен және мақсатымен таныстыру. Ендеше, бүгінгі жаңа сабағымыз « Компьютерде зиян келтірмей қалай жұмыс істеуге болады?» Бейнеролик көру арқылы жаңа сабақтың тақырыбы ашылады. 1 тапсырма <i>Суреттегі жағдайлар неге қауіпті екендігін түсіндіріңіз</i> 5e2f112a3aef2.png Image not found or type unknown Дескриптор Білім алушы - компьютер алдында тамақтанудың салдарларын түсіндіреді; - компьютер алдында дұрыс отырмау салдарларын түсіндіреді; - компьютердің электр өткізгіш құралдарын ұстау салдарларын түсіндіреді; - компьютерде жұмыс істеу уақытын сақтамау салдарларын түсіндіреді. (ҚБ) «Бас бармақ» тәсілі бойынша топтар бір бірін бағалайды 2 тапсырма <i>«Стоп кадр» әдісін қолданып, бейне роликтегі қателерді дұрыстайды.</i> Дескриптор Білім алушы - Компьютерде дұрыс отыру ережесін түсіндіреді 3 тапсырма <i>Қауіпсіздік техникасы ережелерін бұзу салдарын әр топ бір-бірімен пікір алмасады.</i> (ҚБ) Фигураларды қолдану(жұлдызша, төртбұрыш, дөңгелек) Көздеріңді шаршатпаудың жолы қандай? Ол үшін мына талаптарды орындау керек. 1. Мониторға дейінгі арақашықтықты 60-70 см –ден кем болмауы керек (созылған қолдың ұзындығындай). 2. Компьютер алдында жұмыс 25 минуттан аспауы тиіс. 3. Жиі-жиі көз, мойын, арқа үшін арнайы белгіленген жаттығулар жасап отыру керек. 4. Экранның дәл ортасына қарау керек. 5. Жұмыс істеу үшін дәрігер көзілдірік киюге кеңес берген оқушылар компьютер алдында міндетті түрде көзілдірік киіп отырулары тиіс. Ол көру қабілетін одан ірі нашарлатпауға көмектеседі. Көзге арналған жаттығуды компьютермен жұмыс істеген уақытта әрбір 10-15 минут сайын орындайды. Image not found or type unknown Сергіту сәті <i>Бейнероликтегі қателерді көз жаттығуын жасау.</i> Image not found or type unknown 4 тапсырма <i>«Джигсо» әдісі Топ берілген тақырып бойынша посттер дайындайды, қорғайды. (топтық жұмыс)</i> Мақсаты: оқушыларды топтық жұмыс жасауға баулу, өз ойларын ашық жеткізе білуге үйрету Төтенше жағдай кезінде алғашқы жәрдем көрсету әрекеттерін жазыңдар. Талып қалған және тынысы тарылғанда көрсетілетін көмекті топпен іздеп толтырыңдар. <u>1 - топ Күйген жағдайда</u> <u>2 - топ Талып қалған жағдайда</u> <u>3 - топ Тынысы тарылғанда</u> 5e2f137332eae.png	Оқулық, дәптер https://www.youtube.com/watch?v=5CHceodbc98 Қалыптастырушы бағалау жиынтығы 5 сынып https://www.youtube.com/watch?v=cjdbUFFhT78 https://www.youtube.com/watch?v=_lx7d4elkVE

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы	5 тапсырма A деңгейі «Артығын тап» әдісі Компьютермен жұмыс істеу кезінде қауіпті белгілердің суретін алып тастау B деңгейі <i>Тыйым салынады:</i> 1) ... 3) ... 2) ... 4) ... C деңгейі <i>Техникалық диктант алынады.</i> <u>1. Компьютермен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелерін толықтырыңдар.</u> • Экранның ортасы мен оқушының көзінің арақашықтығысм кем болмауы тиіс; • Компьютерде жасалатын үзіліссіз жұмыс минуттан артық блмауы тиіс, одан кейін міндетті түрде жаттығу жасауға үзіліс болуы керек. • Компьютермен жұмыс жасау кезінде болмайды. <u>2. Информатика кабинетіндегі оқушы міндетті:</u> • Тәртіп пен тазалықты, қауіпсіздік техникасы ережелерінкерек. • Жұмыс орнына мұғалімнің нұсқауымен отырып, өздігінен орын ... керек; • Құрылғының кез келген ақауы білінгенде немесе программаның дұрыс жұмыс істемей тұрғанын көргенде жылдам ... керек; • Кабинетте алынған кез келген жарақан кезінде, әсіресе электр тоғына түскенде міндетті түрде ... керек. Дескриптор Білім алушы - Компьютермен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелерін толтырады. - Информатика кабинетіндегі оқушы міндеттерін толтырады: - Тыйым салынған ережелерді жазады.	
Рефлексия	Осы сұрақтарға жауап беру үшін «ыстық орындық» ойыны арқылы жүзеге асады Тақырып бойынша 1 оқушы ортаға шығады.Қалғандары сұрақ қойып,пікірлерін айтады. Топ оқушыны бағалайды,бірі бірінше Жасыл сигнал: Image not found 5e2f14fb3385c.png Сары сигнал:Image not found 5e2f152594793.png Қызыл сигнал: Image not found	